



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бақылау



Түнгі рейд – тәртіп бастауы

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қатысуымен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, жасөспірімдердің мезгілсіз уақытта заңсыз жүруінің және мектеп бітіруші түлектер тарапынан тәртіпсіздікке жол бермеу мақсатында рейдтік іс-шара өтті.

Рейдке құқық қорғау органдарының өкілдері, мектеп директорлары мен ерікті жастардан құралған кезекші топтар тартылып, жауапты аумақтарға бекітілді. Шарада қоғамдық орындар бақылауға алынып, көмелетке толмаған жасөспірімдермен және олардың ата-аналарымен профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Аудан әкімі бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, жүйелі түрде жалғастыруды және қоғамдық тәртіпке ерекше мән беруді жауапты сала жетекшілеріне қатаң тапсырды.

Кент орталығындағы патрульді полиция бекеттері жасөспірімдердің топтасып төбелесу, қылмысқа бейімділігі байқалатын жағдайды анықтау, алдын алу мақсатындағы рейдтік жұмыстың нәтижесінде ауданда топтық төбелеске жол берілмеген.

Айта кетейік, 11 жасөспірім тізімдік есепке, 11 ата-ана тәрбие беру жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін профилактикалық есепке алынған. Бір жасөспірімге қатысты қорғау нұсқамасы шығарылып, есепке қойылған. Жауапты мамандар профилактикалық есепте тұрғандардың мекен-жайына арнайы барып, тексеру жұмыстарын үнемі жүргізуде.

Қоғамдық тәртіпті бұзушы жасөспірімдердің арқасына талдау жасайтын болсақ, заңды өкілдері бірге жүрмеген көмелетке толмағандардың тұрғынжайдан тыс жерлерде сағат 23.00-ден таңғы сағат 6.00-ге дейін болуы бойынша 186 дерек анықталған. Сондай-ақ бір жыл ішінде екі және одан да көп өкімшілік құқық бұзушылық жасаған 8 дерек тіркелген.

Жалпы жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алуға тек құзырлы орган өкілдері жауапты деген қате түсінік. Шындығында, бала тәрбиесіне ата-ана да жауапты. Ата-аналар неғұрлым баланы бақылаусыз қалдырмауы керек. Жалпы жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу үшін жұмыла жұмыс жасасақ, жемісін көретініміз анық.

«ЖЖ» ақпарат

Талап

Тазалық жұмыстары жалғасады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұрабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда өркениетті ел болу үшін табиғат тазалығы ұғымын қоғамда терең орнықтыру қажет екенін атап өтті. Президенттің бастамасымен былтыр сәуір айынан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы қолға алынды. Аз ғана уақыттың ішінде экологиялық акция еліміздің түкпір-түкпірінде кең етек жайды. Бүгінде «Таза Қазақстан» республикалық акциясы еліміздің барлық аймағында жалғасын тауып, жалпыхалықтық эко-челленджге айналды.

Жандос ЖАЗКЕН

Ауданда да жалпы ұлттық экологиялық акциясын өткізу арқылы табиғат анаға деген шексіз махаббат пен экологиялық мәдениет қалыптасқандай. Жастар, егде кісілер де, сондай-ақ мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің де экологиялық акцияға қатысу белсенділігі күн санап артып, өздеріне тиісті аймақтарды қоқыс-қалдықтардан тазартуда.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында аумақтарды абаттандыру мен санитариялық тазалық жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында құрылған жұ-

мысшы топпен бірге атқарылып жатқан шаралардың орындалуы барысымен танысты.

Аудан басшысы рұқсатсыз төгілген қалдықтарды жою, жасыл желектерді күтіп-баптау, аулаларды абаттандыру және көше бойындағы көркейту жұмыстарын аралап көріп, жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктеді.

Сондай-ақ мәніш түріне қарамастан барлық нысан иелеріне акция аясында аумақтарды абаттандыру мен санитарлық тазалықты сақтау тәртібі түсіндірілді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.



Айта кетейік, Қызылорда облыстық мәслихатының №112 шешімімен облыс аумағын абаттандыру қағидалары қабылданды. Қағидалардың басты мақсаты – тұрғындар үшін қауіпсіз, таза және жайлы орта қалыптастыру.

Ережелер барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты. Онда аумақты тазалау, ғимарат қасбетін күтіп ұстау, көгалдандыру, құрылыс барысындағы тәртіп, балалар алаңдары, жануарларға арналған орындарды және қоқыс жинау тәртібін сақтау міндеттері нақты көрсетілген.

Айта кетейік, былтыр акция аясында ауданда 8470,5 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылған. Сондай-ақ

аймақта 2-3 жылдан бері облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен «Үлгілі елді мекен» конкурсы өтіп келеді. Былтыр конкурстың «Үздік ауыл» номинациясы бойынша Таң ауылы II орын иеленді. Жеңімпаздарға тазарту жұмыстарына қажет арнайы техникалар табысталды. Сондай-ақ ауданда жыл сайын «Үздік аула» байқауы ұйымдастырылуда. Осы жобалардың жалғасы ретінде былтыр ауданда тұнғыш рет «Жасыл көше – 2024» байқауы өтті. Азаматтардың экологиялық мәдениетін көтеруге бағытталған осындай шаралар биыл да жалғасын табады.

Мектеп мақтанышы

Үлкен ізденістің жемісі

Елімізде қазір мектеп бітіруші түлектер үшін ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілуде. Ауданда 11 жыл бойы жинаған білімін сын сағатта дәлелдеген озаттар көп. Солардың қатарында кешегі ҰБТ-да жоғары балл жинаған Ақниет Сынасап пен Арайлым Боранбай да бар.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Қос ару – Ақсу ауылындағы №116 орта мектептің мақтанышы. Олар түрлі бөлігелері мен қатар өнер, спорт саласында да өзінің мықтылығын бірнеше мәрте дәлелдеген. 11 жыл бойы үздіктер қатарынан көрініп, мектепті «Алтын белгіге» бітірген Арайлым Боранбай ҰБТ-дан 102 балл жинаған.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша қатарластарының арасында көш бастап тұрған Ақниет Сынасап алғашқы сынама тесттен 113 балл жинаған. Сұхбат барысында Ақниет жоғары балл алу үшін ұзақ дайындалғанын айтады.

Қандай істі де қолға алғанда оң нәтижеге жету үшін алдына айқын мақсат қойып, тынбай еңбек ету керек. Мен ҰБТ-ға дайындықты 10-шы сыныпты бітіре салысымен бастадым. Ата-анам мен ұстаздарымның үмітін ақтау үшін бос уақытымды тек кітаппен өткіздім. Ата-анам қосымша онлайн курстарды оқуыма ықпал жасады. Нақтырақ айтсам, JUZ 40 онлайн білім беру орталығында қосымша оқыдым. Бір топта 33 оқушы болдық. Әрқайсысы әр қала, ауылдан жиналған. Топтағы қыздардың ішінде Аида Марбек есімді қызбен құрбы болдым. Ол қыздың да таңдау пәні – қазақ әдебиеті. «Бір оқу орнына бірге түсеміз» деген мақсатпен таңертең ерте тұрып, кешке дейін бірге дайындалдық. Ол ҰБТ-дан 139 балл жинады, – дейді Ақниет Дүйсенғалиқызы.

Кейіпкеріміз мектеп қабырғасында жүріп «Абай оқулары», «Әбіш оқулары» сынды байқаулар мен ғылыми жобаларға жыл сайын қатысып, үздіктер қатарынан көрінген. Білім бөйгелерімен қатар өнерден де шет қалмаған оның би өлемінде де өзіндік қолтаңбасы бар. Айта кетейік, Ақниет алғашында театр актрисасы болуды армандаған. Мектеп қабырғасында жүріп «Театрдың ғажайып өлемі» тақырыбындағы театр өнерінің республикалық фестивалі

байқауының аудандық, облыстық кезеңінде Мұқағали Мақатаевтың «Ақ-құлар ұйықтағанда» поэмасын сахналап, «Үздік әйел рөлі» номинациясын иеленген. Өнер адамы болсам деген арманның жетегінде жүріп, жазғы демалысында білікті мамандардан онлайн білім алыпты. Алайда ата-анасы қыздарына бұл мамандық ауыр болатынын түсіндіріп, басқа мамандықты таңдауын сұраған. Осылайша өз арманынан бас тартып, анасының үлгі жолын жалғауды ұйғарған. Кейіпкеріміздің анасы Майра Қазбекова Ақсудағы алтын уада 20 жылдан астам ауыл балаларына ағылшын пәнінен сабақ беріп келеді.

Ал екінші кейіпкеріміз – Арайлым Боранбай, мектеп бітірген 33 түлектің арасында «Алтын белгі» иеленген жалғыз оқушы. Ол 11 жыл бойы оқу озаты атанып, мектептегі қоғамдық шараларға да белсене атсалысқан.

Оның таңдауы химия-биология пәніне түсіп, ҰБТ-да 103 балл жинаған. – Кішкентай кезімде бауырларыммен әртүрлі мамандық иесі болып ойнап өстік. Сол кезде мен көбіне дәрігер болып, оларды емдейтінмін. Сондай-ақ үйде атам мен әжем ауырыса, оларға білікті дәрігер ретінде көмектесіп, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндіктерін шексіз еткім келді, – дейді Арайлым Рүстемқызы.

Кейіпкеріміз алдына қойған мақсатына жету үшін дайындықты 10-шы сыныптан бастаған. 11-ші сыныпқа дейін барлық пәннен жеке-жеке онлайн курс оқып, мектепшілік, аудандық сынама тесттерден жоғары нәтиже көрсеткен. Ол сұхбат барысында қолдау көрсеткен ата-анасына алғысын жеткізді.

– Мен ҰБТ-ға дайындалам дегеннен ата-анам маған бар жағдайды жасады. Қосымша онлайн курстарға қатыстырып, үй жұмыстарынан да босатып, бар ойымды тек сабаққа бөлуге



ықпал етті. «Біз саған сенеміз» деп әркез жанымынан табылып, қолдау білдірді. ҰБТ-ның алғашқы сынағына кірер кезде қолымдағы смартфон арқылы 11-ші сыныптың химия кітабын оқымақшы болып ашып, сәл де болса миымды тынықтырайын деген оймен кітапты жаба салдым. ҰБТ-ға кіріп, химия пәніндегі сұрақтарға жауап беріп жатқанда өлгіңде ғана көзбен бір шолу жасап, оқимай жаба салған тақырыптан сұрақтар келді. Мен сол кезде 5 минут уақытымды қиып тақырыпты толық оқымағаным өкіндім, – дейді ол.

Арайлым анасынан дарыған талантының арқасында 9-шы сыныпқа дейін өнер өлемінде жүрген. Аудан орта-

лығындағы «Өнер мектебінде» 5 жыл домбыра класында білім алып, оны үздікке бітірген. Түрлі республикалық, халықаралық байқаулардан жүлделі орын иеленіп, ансамбль құрамында өнер көрсеткен. Алайда кейіпкеріміз өнер саласын таңдамай, балалық арманынан алыстамауды ұйғарған.

Аядай ғана ауылдың абыройын асқақтатқан, қос арудың мақсаты айқын. Олар мамандығына адал болғанда ғана жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатынын айтады. Білімді аруларымыздың мемлекеттік грант жеңіп алып, өздері қалаған білікті маман иесі болатынына сеніміміз мол.

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



Мерзімді басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбегіңіз.



СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

2 ҚОҒАМ

Мерей

Медицина мамандары құрмет төрінде

Соңғы жылдары елімізде денсаулық сақтау саласына аса зор көңіл бөлінгені баршамызға белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрдайым қолдау көрсетуі республикамызда денсаулық сақтау саласының көкжиегін кеңейтуде. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі жыл сайын кеңейіп келеді. Бүгінде науқастардың суранысын неғұрлым толық қанағаттандыруға, ресурс үнемдейтін технологияларды белсенді түрде дамытуға мүмкіндік беріліп отыр. Жалпы салаға әдеттегідей ерекше назар аударылуда.

Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде Медицина қызметкерлері күніне орай мерекелік салтанатты жиын өтті. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов сала қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, аққалатты абзал жандарға табыс, сәттілік тіледі.

— Әлемде саналуан мамандық бар. Алайда солардың ішінде адам жанының арашасы болған аққалатты абзал жандардың орны ерекше. Халқымыз «Бірінші байлық — денсаулық» деп бекер айтпаған. Медицина жай ғана мамандық емес, ол — адам өміріне деген шексіз жауапкершілік. Осы салада қызмет етіп жүрген сіздердің ерен еңбектеріңіз — ұлт саулығы мен болашағының кепілі. Білімі мен тәжірибесін, өрік-жігерін халықтың денсаулығын сақтауға арнап жүрген барлық медицина қызметкерлеріне аудан жұрты атынан және өз атымынан алғыс білдіреміні Дені сау ұрпақ — Әділетті Қазақстанның болашағы. Ұлт саулығын нығайтып, ауыл халқына сапалы меди-



циналық қызмет көрсету — мемлекеттің басты міндеттерінің бірі, — деді Ғани Сүлейменов.

Мерекелік жиында бірқатар медицина саласының қызметкері мен ардагерлері «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, аудан әкімінің алғыс хатымен, сондай-ақ облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Салтанатты шара аудандық аурухана қызметкерлері мен Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

— Біз күнделікті әртүрлі адаммен қарым-қатынас жасаймыз. Олардың әрқайсысы үшін ерекше тәсілді табу маңызды. Сондықтан эмпатия, ашықтық, түсіністік, ізгілік және көмекке ұмтылу сияқты қасиеттер маманның

жұмысында қажет. Қызмет сапасын арттыру мақсатында білімімізді әрдайым жетілдіріп отырамыз. Бүгінде сапалы жұмыс істеуге билік тарапынан барлық жағдай жасалған. Заманауи емдеу ғимараты, құрал-жабдықтар, барлығы бар. Әріптестерімді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Еңбегімізді елеп, құрмет көрсетіп жатқан аудан әкіміне алғыс айтамын, — дейді дәрігер Ақмарал Адамбаева.

Айта кетейік, ауданда соңғы жылдары медициналық инфрақұрылымды жақсарту бағытында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Өткен жылы Мырзабай ахун және Алемесек ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілсе, жыл басынан бері Қарақаткен ауылындағы типтік жобадғы жаңа дәрігерлік амбулатория ел игілігіне қызмет етуде.

Мұнан бөлек аудандық ауруханада Госпитальдық фармация бөлімі ашылды. Бөлімнің міндеті дәрі-дәрмекті есепке алу жүйесін жақсарту, оларды сатып алу шығындарын азайту және дәрілерді пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады. Мұнда дәрі-дәрмекті орау аймағы, дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сақтау бөлмесі, дәрілік заттарды орталаықтандырылған өріту аймағы бар.

Иә, бұл нысандар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталып, халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беруде. Сондай-ақ облыс әкімінің қолдауымен, аудандық денсаулық сақтау саласы 11 жедел жәрдем автокөлігімен толықты.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Білім

390 түлек ҰБТ-ға қатысуда

Жалағаштық ұстаздардың бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастырудағы еңбегі ерөн. Әсіресе жыл сайын түлектердің ҰБТ-дан жоғары нәтижеге қол жеткізуі бұл сөзімізді қуаттайды. Жалпы ауданда аталған салада тың серпін бар, биыл да жергілікті ұстаздар оқу жылын оң нәтижемен қорытындылады. Осы оқу жылында Жалағаштағы 20 мектепте 7012 оқушы білім алды. Сондай-ақ 9 сыныпты 675 оқушы, 11 сыныпты 447 оқушы тәмамдады. «Үздік аттестатқа» 9 сыныптан 82, 11 сыныптан 49 оқушы үміткер. Ал «Алтын белгіге» 16 оқушы тілек білдіруде.

Биыл ауданда 447 оқушы мектеп бітірді. Олардың 390-ы, яғни 87,2 пайызы мамыр-шілде аралығындағы ҰБТ-ға қатысуда. ҰБТ кезінде оқушылар қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынған. Талапқа сай өтуі үшін коммуналдық мекемелерге арнайы хат жолданып, кезекшілік ұйымдастырылған.

Өткен айда ауданның бас ұстазы Талғат Садықовпен сұхбаттасқанымызда жалағаштық түлектердің жыл сайын ҰБТ-дан жоғары көрсеткішке қол жеткізіп жатқанын айтқан. Жыл сайын ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысымен аудан түлектері үздік үштікті түйіндеуде. Аудандық білім бөлімі Талғат Құрақбайұлы биыл да оқушылардан жОО-да білім алу мүмкіндігіне ие болуда барын салатынын айтады.

— ҰБТ-ға дайындық жұмыстары ерте басталды. Әрбір пен мұғалімі балалармен тығыз жұмыс жасады. Бұйыртса, соның жемісін көретін уақыт алыс емес. Сынама тесттен бастапқыда төмен балл жинаған балалар кейін жоғары нәтижеге жұмыс жасады және оның жемісін көруде. Қазір мектеп түлектері алды ҰБТ-дан өтіп жатыр. Олардың арасында жоғары балл жинаған оқушыларымыз да жоқ емес. Алдағы уақытта осы қарқын бәсеңдемейді деп ойлаймын. Қазірдің өзінде дайындық жұмыстары өз жемісін беруде, — дейді Талғат Садықов.



ҰБТ-да жоғары балл жинаған түлектер қатарында Ұлпан Аамандық та бар. Ол — шағфайдағы Жаңадария ауылындағы №203 орта мектептің түлегі. Ұстаздары оның ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындықты 2 жыл бұрын бастап кеткенін айтады. Соның нәтижесі болар, Ұлпан Аамандық көшегі ҰБТ-да 130 балл жинады.

Мектеп түлегі бірнеше рет білім олимпиадасында жүлделі орыннан көрінген. Сондай-ақ ол — ауылдағы балл ошағының озат оқушысы. Әкесі Аамандық Нұржанов Ұлпанның бейнелеу өнеріне бейім екенін айтады. Бұған дейін озат оқушы талай рет сурет салу байқауларынан жүлделі орыннан көрінген. Көшегі ҰБТ-да ол физика-математика пәндерін тандаған.

— Менде «Төмен балл жинасам қалай болады?» деген қорқыныш болған жоқ. Өйткені осы ҰБТ-ға дайындықты бастағаным 2-3 жыл болды. Осында уақытта көп іздендім. Бар мақсатым — ата-анам мен ұстаздарымның сенімін ақтау. Шүкір, кеше сол мақсатыма қол жеткіздім деп ойлаймын. 140 сұрақтың тек 10-ы маған қиындық тудырды. Қалғанынан сүрінгенім жоқ. Өзімнің анам — мұғалім. Ауылдағы білім алған алтын ұямда сабақ береді. Мен де келешекте анам сияқты ұлағатты ұстаз болып, балаларға сабақ бергім келеді. Олардан өзім сияқты озат оқушы қалыптастырамын. Алдағы уақытта

еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орнында білім алып, білікті маман боламын, — дейді Ұлпан Аамандық.

Жалпы Жаңадарияда жыл сайын түлектердің ҰБТ-ға қатысу көрсеткіші жоғары. Мәселен, былтыр ауылдағы білім ошағын 2 оқушы тәмамдады, бүгінде екеуі де еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алуда. Ал Биыл №203 орта мектепті 4 оқушы бітірген, төртеуі де ҰБТ-ға қатысып отыр.

Көшегі ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары балл жинаған оқушылар қатарында Балнұр Сәрсенқызы да бар. Әбдірашит Бердәулетов атындағы №34 орта мектептің мақтанышы 120 балл жинап, ата-анасы мен ұстаздарының үмітін ақтап отыр. Ол да ҰБТ-ға дайындықты бірнеше жыл бұрын бастаған оқушылар қатарында. Алдына нақты мақсат қойған талапкердің ізденісін ұстаздары да жоғары бағалап отыр.

Жалпы Әбдірашит Бердәулетов атындағы №34 орта мектеп ұжымы әр-кез оқу жылын жоғары нәтижемен қорытындылап келеді. Былтыр аталған білім ошағының түлектері ҰБТ-дан жоғары балл жинап, ұстаздарының үмітін ақтады. Қазіргі таңда олардың барлығы еліміздегі жоғары оқу орындарында білім алуда.

Кент орталығындағы Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің дарынды оқушысы Жанель Жомартқызы

ұстаздарының мен өзінің тыңғылықты дайындығының арқасында ҰБТ-дан 131 балл жинады. Қазақ тілі пәнін тандаған «Алтын белгі» иегері осыған дейін Қ.О.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен І орын, республикалық кезеңінен ІІІ орын, «Абай» пәндік олимпиадасының облыстық кезеңінің ІІІ орын иеленген.

— ҰБТ-ның бірінші кезеңінен жоғары нәтижеге қол жеткіздік. Алдағы уақытта ЖОО-да білім алып, өзімнің қалаған мамандығымды меңгергім келеді. Бұл тек менің ғана емес, ата-анамның, ұстаздарымның да жеңісі деп білемін. Осындай жоғары нәтижеге қол жеткізуде көп іздендік. Осы жолда ата-анам, ұстаздарым маған бағдарлама болды. Алдағы уақытта сол кісілер секілді мен де өз мамандығымды терең меңгеріп, елдің өркендеуіне еңбек еткім келеді, — дейді мектеп түлегі.

Биыл жалпы түлектердің аяқ алысы жаман емес, әлден олардың көбісі жоғары балл жинап, еңбегінің нәтижесін көруде. Былтыр түлектердің 94,4 пайызы ҰБТ-ға қатысқан, олардың 74,4 пайызы жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алуда. Биыл да осы қарқын бәсеңдемесе, мектеп бітірушілердің басым бөлігі мемлекеттік грантпен білім игеруге мүмкіндік алмақ.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Брифинг

53 адам медициналық көмекке жүгінген

Эхинококкоз – паразиттік індет. Бұл – бауырдың, өкпенің және басқа да мүшелердің зақымдалуымен, дененің аллергиясымен және мүгедектікке ғана емес, өлімге де әкелетін өте ауыр асқынулармен сипатталатын созылмалы гельминтоз. Жыл басынан бері ауданда 1 эхинококкоз ауруын жұқтырған науқас Бұқарбай батыр ауылынан тіркелген. Бұл туралы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова БАҚ өкілдерімен өткен брифингте баяндады.

Эхинококкоз – адамның жасы мен жынысын таңдамайтын паразиттік аурулардың ішіндегі ең қатерлі, қиын да күрделі созылмалы аурулардың бірі. Эхинококк жұмыртқаларын тасымалдаушылар иттер, үй жануарлары, кеміргіштер және жәндіктер болып табылады. Індет қаңғыбас иттердің көптігінен және балалардың олармен тығыз байланыста болып, лас жеміс-жидек пен көкөністерді тұтынуынан пайда болады. Ауру қоздырғыштары жануарлардан топырақ, су, өсімдік, мал өнімдері арқылы адамға және басқа ауыл шаруашылық малдарына жұғады.

Гүлзираш Айымбетованың айтуынша, тұрғындардың қарапайым санитариялық-гигиеналық қағидалары сақтамау салдарынан ауруға шалдығу қаупі артуда. Ол осы індетке шалдыққан науқастар саны жыл сайын артып, бұл індетпен ауырған адамдар тек операциялық жолмен емделетінін айтады.

— Індет жұқтырған науқастан «бауырдың эхинококкты кистасы» анықталып, Қызылорда облыстық балалар ауруханасының №2 хирургия бөлімшесінде ота жасалды. Мұнан бөлек бүгінге дейін 28 паразиттік ауру тіркелді. Оны жұқтырғандардың 85,71 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар арасында болса, 3,57 пайызы 15-17 жас аралығында орын алған, — дейді ол.

Спикер брифинг барысында БАҚ өкілдерінің «Тұрғындар індетке қарсы қандай шаралар қолдану қажет?» деген сұрағын да жауапсыз қалдырмады. Оның сөзіне сүйенсек, әр адам жеке гигиена талаптарын қатаң сақтап, үй жануарларымен тығыз қарым-қатынастан аулақ болу қажет. Сондай-ақ итке бетін жалатуға, ас үйге кіргізуге рұқсат бермей, оны бөлек ыдыспен тамақтандыру қажет.

Ол мұнан бөлек қоғамдық орындарда тамақ өнімдерін дайындар кезде, яғни бауырдан жасалған көуап дайындау барысында ет пен бауырды мұқият тексеру қажеттігін ескертті. Себебі эхинококк құрттары болуы мүмкіндігін назарға салды. Ит-мысықтан басқа да үй жануарлары құтыру ауруын жұқтырушы көзі болып табылады. Ауданда жыл басынан бері жануарлардың тістеуі, тырнау, сіпекейленуінен зардап шеккен 53 адам медициналық көмекке жүгінген. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда зардап шегушілер саны 1,7 есеге өскен. Жарақат алу бойынша 24 жағдай 14 жасқа дейінгі балалар арасында тіркелген. Тұрғындарға 53 жануар, оның ішінде иесі белгісіз 27 ит, 1 маймыл, 1 есек, 4 мысық, 1 шағал және иесі белгілі 17 ит пен 2 жылқы шабуыл жасап, тырнап, тістеп жарақат салған.

— Жарақат алушылардың 49 пайызы аяқтаң, 24,5 пайызы білек, алақан, қол саусақтарынан, 3,7 пайызы иық пен белден жарақат алған. Жарақат салған жануарлар ішінде иесі белгілі 17 ит пен 2 жылқыны 10 күнге үй жануарын бақылауға алуға аудандық ветеринариялық станциясына хат беріліп, үй жануарлары бақылауға алынды және иесі белгілі 5 иттің иесіне аудандық полиция бөлімі тарапынан өкімшілік шара көру мақсатында қатынас хат беріліп, 5 иттің иесіне шара көрілді, — дейді спикер.

Құтырудың алдын алу және індетке қарсы шараларын күшейту мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласында, тұрғындар арасында 35 рет дәріс, 2 890 рет өңіме жүргізіліп, 2 520 дана ұнпарақ, 2130 жадынама таратылған.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ



Қоғам дерті бәрінен қауіпті

Сыбайлас жемқорлық кез келген саланы күйретеді. Бұл тек бір ғана саланың тұралауы емес, тұтас мемлекеттің қарыштап даму жолына тұсау болары анық. Сондықтан қоғам дертімен күрес еш уақытта толастамауы тиіс.

Еліміз егемендік алғалы сыбайлас жемқорлықпен күрес күн төртібінен түскен емес. Олай болуы да заңдылық. Өйткені жарқын болашаққа жол салған елдің келешегі кемел болуы үшін алдымен сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларына басымдық беріледі.

Иә, қоғам дертімен күрес тек Қазақстанның ғана емес, кез келген мемлекеттің басты саясатына айналған. Тіпті дамыған озық елдердің қалай қарыштап алға озғанына үңілесек, түбінде сол мемлекеттерде сыбайлас жемқорлықпен күрес қарқынды жүргізілгенін байқаймыз.

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес — тек құзырлы орган қызметкерлерінің жұмысы» деген қате түсінік. Шынығында, оның қоғамда орын алмауына баршамыз жауаптымыз.

Осы ретте қоғам дертімен күресті әр адам өзінен бастауы керек. Сонда ғана біз бұл мәселенің алдын алған болар едік. Сондай-ақ отбасында да сыбайлас жемқорлықтың зардабын, оның зияны тұтас мемлекетке тиегінін айтып, балаларымызды осы бастан оған қарсы тәрбиелеуіміз керек. Өйткені мемлекеттің кемел келешегі бүгінгі жастармен тығыз байланысты.

Жемқорлық — қай жағынан алсақ та зияны көп, көз келген ортада мәселеге алып келетін кесел. Мемлекет бүгінде онымен күрес шараларын қарқынды жүргізуде және олай болатыны заңдылық. Біз сыбайлас жемқорлықпен күресте қатаң шаралар қабылдап, оның біздің қоғамда орын алмауына белсенді жұмыс жасағанда ғана айқын мақсатқа қол жеткіземіз.

Дастан БАХТИЯРОВ,
аудандық қазынашылық басқармасы
басшысының орынбасары

Тұлға

Ғұмырын ғылымға арнаған

МӘСКЕУДЕ АСПИРАНТУРАДА ОҚЫП ЖҮРГЕН КЕЗІМДЕ ЛИТВАДАН КЕЛГЕН ДОСЫМ АЛЬБЕРТ РАЙБЕКАС ЕКЕУМІЗ ПРОКУРОРЫ РУБЕНКОҒА ХАТ ЖАЗА ЖҮРІП, ӘКЕМ НЫСАНБАЙДЫҢ ЕСІМІН ЖАЛАДАН ТАЗАРТЫП, АҚТАП АЛДЫМ. МЕНІҢ ҒАЛЫМ БОЛУЫМА СЕБЕП БОЛҒАН ҒЫЛЫМИ КІТАПТАР ЖАЗУ АРҚЫЛЫ ӘКЕМЕ МӘНГІЛІК ЕСКЕРТКІШ ҚОЮ БОЛАТЫН.

Әбдімәлік Нысанбаев

Әбдімәлік Нысанбаев екеуміздің Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетіне 1955 жылы оқуға түсуіміз ойда жоқта болған еді. Енді соны басынан бастап айтайын.

Мен 1955 жылы Сексеуіл станциясындағы №423 орта мектепті үздік бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне құжат тапсырғанмын. Емтиханның барлығында жақсы және өте жақсы деген бағаға тапсырсам да, қабылдау комиссиясы «конкурстан өте алмадың» деп қолыма багалары жазылған сынақ тапсырған құжатты берді. Сондағы қабылдау комиссиясының айтқаны: — Осы құжатпен басқа институтқа барсаңыз, мүмкін осы бағаларыңмен олар қабылдауы мүмкін, — деді. Бірақ мен ешбір институтқа бармай, «дайындалып келер жылы қайта келеріміз» деген оймен пойызға отырып, ауыл қайдасың деп жолға шықтым.

Біз мінген пойыз 25 тамыз күні түсте Қызылорда қаласына келді. Отарбадан түсіп вокзал алдында тұрсам, Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түсуге келген таныс балаларға кездестім. Олар менің сынақ тапсырған құжаттымыз көріп «мына бағамен пединституттың физика-математика факультетіне қайта болса да түсеңіз» деп кеңес берді. Содан сол жерде пойыздан қалып, пединституттың физика-математика факультеті деканының қабылдауына бардым. Барсам қабылдау бөлімінде мен қатарлы бір жас жігіт отыр екен. Таныса келе ол да мен сияқты Ташкент қаласына барып, теміржол институтына емтихан тапсырып, конкурстан өте алмай емтихан тапсырған құжаттарымен осы институтқа келіп отырған Әбдімәлік Нысанбаев екен.

Екеуміздің құжаттарымызды қабылдап алған факультет деканы Ә.Тажмағанбетов: — Балалар, мен институт ректоры Әділ Ермеков жолдасқа барамын, сөндер мені күтіп отырыңдар, — деп кенескен шығып кетті.

Арада бір сағат өтпей қайтып келіп: — Балалар, сүйінші, студент болдыңдар, — деп институт ректорының бұйрығымен таныстырды.

Бұл 1955 жылдың 25 тамыз болатын. Сонымен Айбосынов Шыңғыс, Нысанбаев Әбдімәлік журналға «Б» тобының студенттері болып тіркелді. Ертеніңе бұл топтың студенттері мені староста етіп сайлады.

Екеуміз де 1960 жылы аталған институтты үздік бітіріп шықтық. Дипломды алғаннан кейін елдегі қарт ата-анамыз қызмет көрсету үшін ауылға барып жұмыс жасайын деген тоқтамаға келіп, батысқа жол тарттым. Ал Әбдімәлік ғылым жолын таңдап, Алматыға, шығысқа аттанды.

II


Енді академиктің өзін сөйлетейік...

Қайран, балғын балалық шақ! Өмірдің өткелдерінен өз күш-жігерімімен өтіп, ақыл тоқтатқан адам осы бір бейнүне бақытты кезеңді ет жүрегі елжірей еске түсірері анық. Адамның қайта айналып келмейтін осы алаңсыз шағы оңашада ойға шомпанда бұлдыраған сағыныш сағымынан бірте-бірте айқындалып, алыстан талып жеткен бала кездің бейнелері түйдек-түйдегімен көз алдыма келеді. Осындайда көңіл төрінен маңт орын алып қалған балаң әсерлер туралы шексіз мейірімі мен шапағатын төккен асыл да аяулы апаларым мен әжелерімің аялы алақаны туралы ой бөліскім келеді.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары, оның оқиғалары әлі есімде. Мен Қызылорда қаласының жанындағы колхоз мектептерінде білім алдым. Одан кейін қаладағы гидромелиоративтік техникумда оқып, Ленин мектебінің 10-шы класын кешкісін оқып бітірген болатынмын.

Қазақты тәрбиеде әжелер мен аналардың қаншалықты маңызды орын алғанын ешкім теріске шығара қоймас. Дәстүрлі қоғамда ер азаматтың іс-әрекеті қашанда түзде өте, бүкіл үй шаруашылығы мен ер жеткенге дейінгі бала тәрбиесі әйел-аналардың мойнында болды. Аналар ауылдағы ағайынның ырыс-берекесінің ұйытқысы болды. Қазақты әжелер мен аналардың бейнесі заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы Зере мен Ұлжанның кейпінде тамаша берілді емес пе?!

Иә, біздің замандастарымыз терізді менің де балалық шағым өткен ғасырдың 40-50 жылдары Сыр бойындағы қиын-қыстау күндерге, ашаршылыққа, қуғын-сүргінді, қиямет қырғын соғысты бастан кешірген жылдарға дәл келді. Аумалы-төкпелі осы заманда бала дүниетаным мен бақытына ықпал етіп, оның жақсы азамат, тұлға болып тәрбиеленуіне әсе-



рін тигізген, өмірім мен санамда өшпес із қалдырған апаларым мен әжелерім туралы айтсам деймін. Әруақтары риза болғыр, бұлар Қатира және Тазәгул апалар, Рысты, Мәрия және Бибінүр әжелерім болатын.

Мен діни сауаты бар өз анам Рыстыны әже деп атадым. Өйткені бала тұрмағасын осылай атауды бәрімізден өзі өтіңген. Бұл да болса қазақы ырымның бірі болса керек. Әкем Нысанбай екеуі қосақтасып өмір сүргенде анамыз 17 құрсақ көтеріпті. Солардан екі-ақ қыз қалған, менің апаларым — Үміт, Қатира, қалғаны өткен ғасырдың отызыншы жылдары, қолдан жасалған ашаршылық жылдары шетінен шетілеп кете берген. Ел басына төнген бұл зобалаңды бастан көшпеген қазақ отбасы кем де кем.

Әкем Нысанбай мен Рысты анам балаларын жетелеп Әзбекстанға ауды. Бұл қасіретті сапардағы сұмдық оқиғаларды бала кезімде әжемнің аузынан талай естідім. Менің ата-анам жат жұртқа жерсіне алмай, туған еліне қайта оралды, бейнеті көп, зейнеті қоққа жақын колхоз жұмысына орналасады.

«Баласыз ата — түл» демекші, артына тұяқ қалдыруды армандамайтын қазақ бар ма, сіре?! Менің ата-анам да бала тұрақтамағасын сол маңайдағы әулие-әмбиелерді жағалап, әруақтардың басына түнөп, құдайдан жалбарынып ұл сұраған. Аласапыран заманда алда не күтіп тұрғанынан күдіктенгені де болар, ұрпақ жалғастығын әкем де, шешем де уайымдаған терізді. Қам көңіл пен-делерінің мұңына құлақ асты ма, 1937 жылдың 1 мамырында мен дүниеге келіпін, артыман Мәлік өмірге келді. Құғын-сүргін жылдары халықты ұл ретінде ұйытуға тырысқан қазақтың бетке ұстар қаймақтары қамауға алынып, жер айдалып, атылып кете барды. Кеңестік саясатты қыс қолына су қуоға жарамай жүрген сауатсыз жарлы-жақыбайлардан шыққан шолақбелсенділер жүзеге асырды. «Аша тұяқ қалмасың, асыра сілтеу болмасын» деген ұранды жамылып, бұл ұрда-жық белсенділер өктемдік пен зорлық-зомбылықтың, жақалорлық пен пәленің тұр-түрін көрсетті.

Менің әкем Нысанбай да осы саясаттың құрбанына айналды. Қызылорда қаласының жанындағы Қарауылтебе колхозында тұрған өкемді түнде алып кеткені, әжемнің жылағаны еміс-еміс есімде қалыпты. Ал мен «әкен таяуда қайтып келеді» деп жұбатқанымен, оның хабарын бірнеше жылдан кейін, яғни соғыстан соң тоталитаризм тозғанынан босап шыққан өкеммен бірге болған адамнан естідік. Осылайша менің балалық шағым соғыс жылдары әкесіз, әкем мен апамның қамқорлығында өтті. Әйел тәрбиесін көрген баланың психологиясы, дүниетанымы, құндылықтар жүйесі өзгеше болады екен.

Әдетте кез келген баланың күтетін асқар тау секілді өкелік қорғанды, сүйеніш пен тіректі, әжелердің мейіріл жүрегі мен аялы алақаны айырбастады. Бұл да — біздің замандастарымыз бастан өткізген сол қиын-қыстау уақыттың бір белгісі. Осының өзі адамды жастайынан өмірмен бетпе-бет келгенде өз бетінше шешім қабылдап, өз отбасынды қызығштай өзің қорғап, оның өміршендігін қамтамасыз етуге итермелеп, батыл әрі ақылды әрекет етуге тәрбиелейтін терізді. Мен өз басым Алла жаққан отты адам үрлеп сөндіре алмайтынына тәнті болдым.

Анамның күш-қуаты мол, екі-жігері мықты болатын, оның негізгі мақсаты екі ұлы Әбдімәлік пен Мәлікке ұлттық тәрбие, мүмкіндігінше жақсы, сапалы білім беру, оларды еліміздің қажырлы азаматтары етіп өсіру еді. Ол арманы іске асты, екі баласы танымал азамат болып өсті. Өз басым мектепті жақсы бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түстім. Курстан-курсқа өткен сайын білімімді тереңдетіп, уақытты бос жібермес үшін қалада жатып оқуға тура келді. Осылайша сол кездегі қаланың Некрасов көшесінің төртінші үйінде тұратын Тазәгул апаның үйіне тап болдым. Төрт-бес жыл бойы осы кісінің қолында тәрбиелендім. Студенттік кезімде Батырхан Остаев, Сұлтан Уенов, Бекіраш Жүсіпов, біздің группаның менің старостасы ШыңғысАйбосынов сияқты тамаша достарым болды. Сол достық бүгінде әлі де жалғасуда.

Тазәгул апа өте қатал тура жолмен жүруге үндеп, талап қойыш, кісінің тағдырына бейжай қарамай, жағымды ықпал

етуге тырысатын адам еді. Мені қыздай тәрбиеледі. Тазәгул апа атына заты сай кісі болатын. Ол барлық нәрседен барлық істен мұнтаздай тазалықты, ұнамды, ұқыптылықты, жан-жақты жинақылықты сақтауды талап ететін. Егер менің бойымда титтей де осындай қасиеттер болса, ол сол кісіден дарыған болар. Тазәгул апа менің сабақтағы үлгірімім мен жеке бас тәртібіме дейін қадағалады. Соның да ықпалынан болар, мен 3-5 курстарда өте жақсы оқып, Сталиндік шәкіртқаңның иегері болдым. Бұған маған дәріс берген Ә.Тажмағанбетов, Е.Махмұтов, И.Бекбаев, Ә.Оразалиев, Ж.Беркімбаев, С.Сарманов, С.Елубаев, Ж.Сәтбаева сияқты тамаша білікті де дарынды ұстаздарымының еңбегінің арқасында қолым жетті.

Тазәгул ападан жұққан осы қасиеттер, тән мен жаның тазалығын, киген киім мен ішетін астың тазалығын, үй мен жұмыстағы кабинеттің жинақылығын, бір сөзбен айтқанда, әрбір істің ұқыптылығын сақтау мені кейінгі өмірімде, студенттік және Мәскеудегі аспиранттық кездерімде, ұстаздықпенғылымиұйымдастырушылық жұмыстарымда өзінің орасан септігін тигізді деп ойлаймын.

Оқуды бітіргеннен кейін институт басышылар мені арнайы жолдамамен Алматыға Қазақстан ғылым академиясына жіберді. Ол кезде академияда қызмет істеу деген үлкен мақтаншы еді. Өйткені ғылыми инновациялық Сәтбаев заманы болатын. Мұнда мен елу жылдай отасып отырған болашақ жұбайым Зейнешпен таныстым. Оның анасы Бибінүр анамыздың тәрбиесін де көрдім. Ол кісінің дайындаған дәмді мантисы мен кеспесі әлі өсімде, марқұм анамыз қазақтың тамаша үлгілі отбасы болуымызға көптеген ақыл-кеңесін аяған жоқ. Оның жұбайы Асқаров Әшен өкеміз Қызылорда қаласында өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында басышылық қызметте болып, одан кейін Алматыда және басқа да өңірлерде көптеген басқарушы қызметте адал қызмет атқарып, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болды.

Сонымен менің болашақ ғалым болуыма, осы жолда үлкен ізденіспен еңбек етуіме Орынбек Жәуітқов, Жабайхан Әбілдин, Лев Науменко, Мамия Бақандиза сияқты дарынды ғалымдардың маған берген ақыл-кеңесі үлкен күш берді және ғылым биігіне жетеледі. Сол сияқты Мәскеудегі ұстаздарымды да ерекше айта кетуге тиіспін. Солардың ішінде сол кездегі одақтағы жаратылыстану философиясымен айналысқан бірден-бір атықты ғалым, профессор И.В.Кузнецов осы саладағы алғашқы аяқ алысыма зорықпал етті. Менің Мәскеудегі аспирант кезімдегі ғылыми жетекшім болатын. Сондай-ақ Э.В.Ильенков, Б.М.Кедров, В.С.Гот, В.С.Тюхтин, Г.И.Рузавин, В.А.Лекторский, В.С.Степин секілді көрнекті ғалымдардың алдын көру философиядағы өз жолымын қалыптастуына үлкен ықпалын тигізді. Аспирантураны ойдағыдай қысқа мерзімде тмамдағаннан кейін 1969 жылдың 24 желтоқсан күні Мәскеу қаласында «значение принципа соответствия для раскрытия природы истины в математике» деген тақырыпта диссертация қорғап, философия ғылымының кандидаты деген ғылыми атаққа ие болды. Содан кейін арада он жыл өткенде, яғни 1975 жылы 17 қаңтарда «Диалектикологические принципы синтеза и развития математического знания» деген тақырыпта диссертация қорғап, философия ғылымының докторы атандым.

Мен білім мен ғылымда үздіксіз елу жылдай еңбек етіп келемін. Осы жылдары 600-ден астам ғылыми жұмыстар, қырықтай кітапты жарыққа шығардым. Олардың ішінде 75-тен астамы өлемнің жиырма бес тілінде Ресейде, АҚШ-та, Қытайда, Германияда, Түркияда, Иранда, Вьетнамда, Тәжікстанда, Белоруссияда, Украинада, Болгарияда, Польшада, Венгрияда және тағы басқа елдерде жарық көрді. Менің ғылыми жетекшілігіммен көптеген кадр диссертациялар даярлап, философия, социология, мәдениеттану, саясаттану бойынша халықаралық танымал ғылыми мектеп құрдым.

1997-2003 жылдары тәуелсіз елдің «Қазақстан» атты ұлттық энциклопедиясын даярлау мақсатында Қазақ энциклопедиясының бас ректоры қызметін тамаша достарым болды. Сол достық бүгінде әлі де жалғасуда.

Тазәгул апа өте қатал тура жолмен жүруге үндеп, талап қойыш, кісінің тағдырына бейжай қарамай, жағымды ықпал

қатысуымен жарық көрді.

«Мәдени мұра» (2004-2006, 2007-2009 ж.ж. 2010-2012 ж.ж.) стратегиялық ұлттық жоба бойынша 20 томдық «Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», 10 томдық Әл-Фараби шығармалар жинағы менің ғылыми басышылығыммен және тікелей қатысуыммен тұңғыш рет жарық көрді. Сөйтіп егемен қазақ елінің өзіміздің мемлекеттік тілімізде 50 томдық философиялық мұрасы өмірге келді.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар университетінде, «Қайнар» университетінде осы уақытқа дейін кафедра меңгерушісін, Қытай Халық Республикасының Ухань қаласындағы Ухажон ғылым және технология университетінде, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде, Францияның университеттерінде, Түркияның Анкара университетінде дәріс оқыдым, диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік жасадым.

Философия, саясаттану және социология мамандықтары бойынша Қазақстаннан, Ресейден, Түркиядан, Оңтүстік Кореядан, Ираннан, Қырғыстаннан, Әзбекстаннан 1965-2010 жылдары менің ғылыми жетекшілігіммен 100 кандидаттық және 60 докторлық диссертациялық жұмыс қорғалды. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған «Қысқаша философия тарихы», «Философия», «Социология», «Саясаттану», «Шығыс философиясы», «Батыс философиясы» сияқты оқулықтар мен хрестоматиялар дайындауға мен де басқа ғалымдармен бірге қатысқанмын.

III

Ғұлама ғалым Әбдімәлік Нысанбаев — Қорқыт ата университеті түлектерінің ішінен кеңестік дәуір кезінде шыққан тұңғыш академик. Ол 1989 жылы 17 сәуірде Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланған еді. Оның ғылым саласындағы еңбектері өзінің бағасын алды да. Мәселен, 1974 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, 1980 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 1998 жылы Президенттің «Бейбітшілік және руханы келісім» сыйлығының, 2000 жылы халықаралық түркі әлемі сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Ол 1994 жылы Қазақстанның ғылым және техника саласының қайраткері атанды. «Ыбырай Алтынсарин» атындағы медалмен «Абылайхан», «Мұстафа Шоқай», Түркияның «Джалаладин Рүлс» атындағы алтын медалдармен марапатталған. Ол — Қазақстан Ассамблея кеңесінің мүшесі, Қызылорда, Атырау қалаларындағы және Қытайдағы Ухажон университеттерінің құрметті профессоры, сондай-ақ Қызылорда қаласының, Алматыдағы Медеу ауданының, облыстың Сырдария және Қармақшы аудандарының құрметті азаматы. Халықаралық информатизация академиясының, Ресейдің жаратылыстану академиясының академигі болып сайланған. Белгілі ғалым Қазақ ССР-ның «Құрмет» грамотасымен, «Тәуелсіздіктің 10 және 20 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» медалдарымен және «Парасат», «Достық» орденімен марапатталған.

Сан ғасырлық тарихы бар Сыр суілерінің елі, Сыр топырағының түлегі Әбдімәлік Нысанбаев тек Сыр өңірінің ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтан тұтар ғұлама ғалымы десек те артық айтқандық болмас. Жалпы Әбекеңнің, Әбдімәліктің отбасын ғалымдар отбасы деуге болады. Мәселен жұбайы Зейнеш химия ғылымының кандидаты, баласы Назар заң ғылымының кандидаты, қызы Динара философия ғылымының кандидаты, немересі Шыңғысхан экономика ғылымының кандидаты болды.

Жалпы «алма ағашынан алысқа түспейді» деген сөз бекер айтылмаған. Саналы ғұмырын ғылымға сарп етті. Әке жолын қуған балалары да бүгінге сол сара жолмен жүріп келеді. Әбекеңнің өнегелі өмір жолы тек балаларына ғана емес, бүгінгі буынаға өнеге деп білемін.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Құқық



Кассациялық сот — әділдікке бастайтын қадам

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде сот төрелігін жүзеге асыру жүйесінде елеулі өзгерістер енгізіледі. Бұл өзгерістердің басты бағыты — кассациялық сатыны қайта құру арқылы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейту. Осыған орай енді азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша шағымдар дербес кассациялық соттарда қаралатын болады. Бұл инстанциялар апелляциялық сатыда қаралған істер бойынша заңдылық пен негізділік тұрғысынан тексеру жүргізетін жоғары құқықтық бақылау органы ретінде қызмет етеді.

Жаңа тәртіпке сәйкес, кассациялық шағым алдын ала іріктеусіз, тікелей үш судьядан құралған сот алқасына беріледі. Бұл өзгеріс сот процесінің ашықтығы мен әділеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сот процесі тараптардың қатысуымен, негізінен ауызша түрде өтеді, ал шешім қабылдау мерзімі алты айдан аспауы тиіс. Мұндай тәртіп азаматтардың уақыттығы өрі тиімді құқықтық қорғауға қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Реформаның тағы бір маңызды тұсы — Жоғарғы Соттың рөлінің өзгеруі. Енді бұл орган тек ерекше мәні бар істерді қарайтын, құқық қолдану тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ететін, әділ сот практикасын қалыптастыратын жоғарғы инстанция ретінде қызмет атқарады. Осы арқылы Жоғарғы Соттың негізгі назарын күрделі және маңызды істерге аударып, жалпы сот жүйесінің тиімділігін арттыру көзделуде.

Кассациялық шағым беру тәртібі де жеңілдетілді. Бұрын мүлтік даулар бойынша талап қою соамасына байланысты белгілі бір шектеулер болса, енді 2027 жылдан бастап жеке тұлғалар үшін бұл шек 2000 айлық есептік көрсеткішке, ал заңды тұлғалар үшін 30000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылады. Сонымен қатар ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша да кассацияға жүгіну мүмкіндігі кеңейтіледі.

Бытырт Президенттің бастамасымен қабылданған бұл реформа ел азаматтарының құқықтарын қорғауға бағытталған. Парламент пен Сенаттың қолдауымен қабылданған заңдар негізінде жаңа кассациялық тәртіп сот жүйесінің әділдігін, ашықтығы мен сенімділігін арттыруға қызмет етеді. Сот төрелігіне жүгінетін азаматтар үшін бұл — сот шешімдеріне объективті өрі бейтарап тексеру жүргізудің тиімді тегігі.

Қорыта келгенде, биыл іске асатын кассациялық соттар азаматтардың құқықтарын қорғау саласында жаңа кезеңнің бастамасы болмақ. Бұл өзгерістер сот жүйесінің кәсібилігін арттырып, қоғамның сотқа деген сенімін нығайтады. Сот реформасының бұл кезеңі — әділетті Қазақстан құру жолындағы маңызды қадам.

Рахат АҚКАСЫНОВ, аудандық соттың бас маманы

Сақтансаң, сақтайды

Электр самокаттарды қауіпсіз пайдаланыңыз

Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімі электросамокаттарды қуаттайтын кезде қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырады. Соңғы уақытта самокаттан шыққан өрт оқиғалары артты. Үй ішінің қауіпсіздігі үшін қауіпсіздік талаптарын сақтаған дұрыс.

Біріншіден, қуаттағыш тек түпнұсқа болу керек. Жалған құрылғы батареяның қызып, жарылуына себеп болады.

Самокатты қараусыз қалдырмаңыз. Түнде немесе үйде ешкім жоқ кезде қуаттауға болмайды. Жанғыш заттардың жанында самокатты қуат көзіне қоспаңыз. Әсіресе төсек, перде, басқа да үй жиһаздарының қасында оны қуаттау қауіпті.

Самокатты толық қуатқа жеткізбей тоқтатыңыз. Негұрлым 100 пайызға жеткізбей қуат көзіннен ажыратқан дұрыс. Ісінген немесе иісі шыққан батарея қауіп көзі болып табылатынын естен шығармайық.

Үйіңіз бен жақындарыңыздың амандығы өз қолыңызда. Қарапайым ережелерді сақтау үлкен қауіптің алдын алады.



Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Хабарландыру

«Нұрдәулет-Е» ЖШС-ның №1 санды 2025 жылғы 16 маусымдағы серіктестіктің құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасының шешімімен серіктестік құрамынан қатысушы шығуына байланысты серіктестіктің жарғылық капиталы азайтылғандығын өзінің барлық қатысушыларына, кредит берушілеріне хабарлайды.

Серіктестік кредит берушілеріне қатысушыларына «Нұрдәулет-Е» ЖШС-ның мұна мекен-жайында: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылы Аққұм көшесі №72 үйде орналасқанын және талаптар бар болса, жазбаша нысанда жолдауды сұрайды.

БСН210440016955

Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2025 жылдың II жартыжылдығына азаматтарды қабылдау кестесі				
Азаматтарды қабылдау жүргізілген бастының Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдау жүргізілген бастының лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Қызмет телефоны
Байғазиев Руслан Жақсылықович	Басқарма бастышы	Сейсенбі Сағат 09:00-17:00 аралығы	Желтоқсан көшесі №32	31-2-88

Егінжай – 2025

Сыр салысына су жеткілікті ме?



Орталық Азиядағы ең ірі өзен саналатын Сырдарияның бүгінгі жағдайы мез емес. Сырдың суы әсіресе егін еккен шаруаларға қиындық тудырып тұр. Расында соңғы жылдары суармалы егісте су тапшылығы қатты байқалды. Салдарынан Сыр алтыны саналған Сыр салысына қатысты мәселелер туындай бастады. Бүгінгі таңда дарияға қарасаң, суы әр жерде қайраңдап қалған. Әрине, өзен деңгейінің төмендеуіне әсер еткен түрлі себептер бар. Мәселен, жоғарыдағы қырғыз, өзбек ағайындар өзен суын егістік пен өндіріске шектен тыс пайдалануда, суармалы егістің қарқынды дамуы да әсер етпей қоймайды. Дегенмен қол қусырып отыруға да болмайды. Жергілікті билік, шаруалар бұл мәселемен қалай күресуде? Шешімі табылды ма? Тарқатайық...



Секундына 500 текше метр су жіберілуде

«Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының және «Қазсушар» РМҚ филиалы мамандарының айтуынша, биыл Шардара және Көксарай су қоймаларындағы су көлемі өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай аз. Екі нысаннан Сырдарияның төменгі ағысына секундына 500 текше метр су жіберілуде.

Бүгінде Шардара су қоймасындағы су көлемі 2765 млн текше метрді құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш едәуір төмен, нақтырақ айтсақ, былтыр 4546 млн текше метр болған. Қоймадан төменге тасталып жатқан су көлемі – 30,61 млн текше метр. Былтыр бұл көрсеткіш 46,04 млн текше метрді көрсеткен.

Сондай-ақ Шардара мен Көксарайдан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 350 текше метр су жіберілуде. Қызылорда облысы шекарасына Көктебе су бекеті арқылы секундына 400 текше метр су келуде.

Ал торапқа дейінгі каналдар арқылы 325,98 текше метр су алынуда, өткен жылмен салыстырғанда сәл жоғары. Әйтек су торабынан төменге 5 текше метр су жіберілуде. Қараөзек арнасымен 36 текше метр су берілуде. Қазалы су торабынан төменге жіберілген су көлемі 5 текше метрді құрайды.

Осы ретте Шардара су қоймасымен Көксарай су реттегішінің жұмыс кестесі бақылауға алынып, жергілікті атқарушы органдар және су шаруашылығы ұйымдарымен Сырдария өзеніндегі су шаруашылық жағдайына күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде.

357 насос қондырғысы дайындалған

Жалпы суару кезеңі басталғалы аймақ диқандарына 1,28 млрд текше метр су берілген. Осы орайда облыстағы «Қазсушар» филиалы 982 шаруа қожалықпен су беру туралы келісім-шарт жасасқан. Жалпы егіс алқабын суару үшін 3 млрд текше метрден астам су жіберу жоспарланған. Қазіргі таңда «Қазсушар» филиа-

лы облыс әкімдігімен бірлесіп, егілген дақылдарды толық сумен қамту бағытында жұмыстарды бастап кетті. Елді мекендерде түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін арнайы мониторингтік топ құрылған. Бастысы, барлық магистральдық және шаруашылық-аралық канал арқылы суды кезекпен беру кестесі жасалған. Сондай-ақ суармалы суды қайта пайдалану мақсатында су пайдаланушыларға күріш алқаптарынан суды коллекторлар арқылы жинап, оған сорғы қондырғыларын орнату тәртібі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Сырдария өзенінің суын тиімді пайдалану үшін 357 насос қондырғысы дайындалып, бүгінде оның 162-сі қосылған. Су үнемдеу мақсатында магистральді және шаруашылық каналдарымен су кезектестіріліп беріледі. Күріш егістігін лазерлік тегістеу жұмыстары да жүргізілуде, бүгінде оның көлемі 60 мың гектарға жеткен.

172 гидротехникалық құрылыс жөнделген

Аудандағы ахуалға тоқталсақ, былтыр су жеткізіп беру қызметіне «Жалағашсушар» өндірістік учаскесімен 187 шаруашылық 713,9 млн теңге қаржыға келісім-шартқа отырды. Қазіргі таңда су беру қызметіне 680,2 млн теңге төленген. Шаруашылықтардың пайдаланған су жеткізіп беру қызметіне берешек қарызы 33,7 млн теңгені құрайды.

Егін орналастыру жұмыстарына дейін шаруашылық каналдарынан 21,5 мың текше метр, ішкі шаруашылық каналдардан 225,6 мың текше метр топырақ толық тазартылған. Шаруашылық каналдардан 5 гидротехникалық құрылыс, ішкі шаруашылық каналдардан 172 гидротехникалық құрылыс жөнделді.

Егінді сумен қамтамасыз етуге қажетті 32 насос қондырғы мен 23 гидробекет жөндеуден өтті. 8 512 гектар жерді ылғалдандырып суару, 15 450 гектар шабындық жерді суару жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда ауданда 15 мың гектар жерге судігер айдау жұмыстары жүргізілді. 12 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген жерге лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Атқарылған жұмыстардың ауқымына қарасаң, жалағаштық диқандар аяқсу мәселесін оңтайлы шешкендей. Биыл да аудан шаруалары рекордтық өнім жинап, аймақта «Үздік аудан» атануға ниетті.

5,1 мың отбасына 3,3 мың гектар жер бөлінген

Еске салсақ, биыл облыс бойынша 193,7 мың гектарға ауыл шаруа-

шылығы дақылдарын орналастыру жоспарланған. Оның ішінде күріш – 80,9 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,7 мың гектарға аз. Жоғарыдағы мәселені ескере отырып, диқандар су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, 9,2 мың гектар жерге егін орналастырған. Бастысы, шаруалар тұқым, тыңайтқыш, жанармай, техникамен толық қамтамасыз етілген. Бүгінде егілетін дақылдар толық көлемде орналастырылып, күтімге алу шаралары жүргізілуде. Бір сөзбен айтқанда, дала жұмыстары тұрақты бақылауда.

Кейбір дақылдар толық пісіп, бүгінде жинау жұмыстары басталған. Мәселен, 49,9 мың гектар ескі жоңышқаның 47,7 мың гектары оруға жоспарланып, оның 16,3 мың гектары орылып, нәтижесінде 42,7 мың тонна өнім алынды. Орташа өнім – 26,4 центнер.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен азық-түлік белдеуін қалыптастырып, халықты экологиялық таза өніммен қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын бақшалық жерлер ашылатын. Биыл да бұл үрдіс тоқтамады, яғни 5,1 мың отбасына 3,3 мың гектар жер бөлініп, 2,8 мың гектарына дақылдар егілді.

1 115 гектарға көкөніс егілді

Айта кетейік, биыл аудан бойынша 209 шаруашылық 37 185 гектарға егін егуді жоспарлаған. Оның ішінде 162 шаруашылық күріш егумен айналысады. Негізгі дақыл күріш көлемі 19800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 800 гектар жаздық бидай, 50 гектар арпа, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлы бар. Биыл 4850 гектар жаңа жоңышқа егілсе, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған.

Биыл ауданда 1 115 гектарға көкөніс егіледі. Сондай-ақ 1 300 гектарға басқа да бақша дақылдары егіледі. Аудан бойынша жоспарланған 4850 гектар жаңа жоңышқа, 800 гектар бидай, 600 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 50 гектар арпа, 5 гектар сұлы дақылдары толық егіліп, 8150 гектар ескі жоңышқа толық күтімге алынған. Сонымен қатар ауданда тұрғындар тарапынан картоп және басқа да бақша дақылдарын орналастыруға 500 гектар жаңадан жер дайындалады.

Мұнан бөлек Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Құрманбай Ата» ШҚ 10 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп, басқа да бақша дақылдарын, Таң ауылдық округіндегі «Бірлік» ШҚ 10 гектар жерге бақша дақылдарын орналастыруды жоспарлап отыр. Көктемгі егін орналастыру жұмыстары толығымен бақылауға алынып, қадағалануда.

Сыр салысын баптаған диқандар аптаған ыстықта өбігерге түсіп жатыр. Суын беріп, арам шөбін орган шаруалардың барлығы дала төсінде. Бастысы, еңбек адамдары жылдағы нәтижеден кем түспейміз деп отыр, халықтың да тілеуі сол. Бұйырса, егін бітік шықса, елдің де, егіншінің де көңілі жайланары хақ.

Жандос ЖАЗКЕН

Технология



3 мыңнан астам ауыл интернетке қосылады

Байқасаңыздар, жасанды интелектің, жалпы цифрлық технологияның қарыштап дамуы біздің елімізге ғана емес, бүкіл әлемге сынақ болды. Әсіресе технологиялар, оның ішінде интернет саласына әсерін тигізуде. Біздің балаларымыздың оқуы да, өзіміздің жұмысымыздың да осы интернетке қарап қалғанына көзіміз жетті. Сондықтан осы ретте тиісті министрлік ауқымды жұмыстарды бастап кетті.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен «Қазақтелеком» АҚ 3 мыңнан астам ауылды интернетке қосу туралы инвестициялық келісім жасасты. Қол қойылған мәміленің арқасында талшықты-оптикалық байланыс желісін салу жобасын іске асыру жоспардан бір жыл ерте, яғни 2026 жылдың соңына дейін аяқталады. Ал шалғай аудандардағы байланыс 2027 жылдың соңына дейін жерсеріктік байланыс арналарымен қамтамасыз етілмек.

Жоба 2027 жылдың соңына қарай елдегі ауылдардың 99 пайызын жоғары жылдамдықпен интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Енді таяуда мектеп, аурухана, әкімшілік ғимараты, бюджеттік ұйымдар, сондай-ақ қоғамдық кіру нүктелері мен мемлекеттік шекаралардағы 40-тан астам өткізу бекеті желіге қол жеткізе алады. Ауылдық елді мекендерді талшықты-оптикалық 88 пайыз және жерсеріктік арналар 12 пайыз желіге қосады.

Жобаға құйылған инвестициялардың жалпы көлемі 239 млрд теңгеден асады, бұл – бюджеттен тыс қаражат. Мұны жүзеге асыру «Қазақтелеком» АҚ ірі телекоммуникациялық инфрақұрылымын пайдаланудың арқасында мүмкін болды. Сондай-ақ ауылдық жерлерде ұялы байланыс базалық станциялары үшін инфрақұрылым күшейтілмек. Бұл нысандарға дейін жеткізіп, талшықты-оптикалық желіні төсеу мобильді интернет пен байланыстың сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

– Біз өңірлерді дамытуға тең жағдай жасайтын цифрлық іргетас қалап жатырмыз. Міндетіміз – ауылдарды интернетке қосудымен қатар елді мекендерді елдің цифрлық экосжүйесіне енгізу. Бұл – білім алу, медицина, мемлекеттік қызметтерге тең дәрежеде қолжеткізудің негізі. Инфрақұрылым тұрақты және ашық түрде жұмыс істегенде шағын бизнес, ауыл мектептері мен жастарға арналған жаңа кәсіптік бағыттарды дамытуға жол ашылады, – дейді ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев.

«Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, ең бастысы, білім алу, өзін-өзі дамыту мен заманауи технологияларды пайдалануда ауылдағы бала мен қаладағы баланың мүмкіндіктері тең дәрежеде болуы тиіс. – Біз цифрлық теңсіздікті жоюды еліміздің түкпір-түкпірінен, шалғай жатқан ауылдардан бастадық. Интернетке қол жеткізу – көптен бері сән болудан қалды, бұл – халықаралық деңгейде, оның ішінде БҰҰ мен еліміздің Президенті мәлімдегендей, негізгі қажеттілік, – дейді Бағдат Мусин.

Жоғарыда атап өткен интернет сапасын жақсарту мақсатында қолға алынған Starlink жобасы назар аударуға тұрарлық. Starlink – SpaceX компаниясының ғарыштағы спутник арқылы интернет қызметін ұсынады. Бұл жоба еліміздің шалғай аймақтарын интернетпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде 2 мыңдай ауыл мектебі желінің игілігін көріп отыр.

Starlink қызметінің артықшылығына келер болсақ, ол 50-150 Мбит/с жылдамдықта интернет ұсына алады, бұл көптеген жергілікті провайдердің қызметінен жоғары. Спутник арқылы интернет алу үшін физикалық инфрақұрылым қажет емес, бұл шалғай өңірлерді жылдам желіге қосу мүмкіндігін арттырады. Сондай-ақ Starlink жүйесі табиғи апаттар мен географиялық кедергілерге қарамастан, интернет байланысын қамтамасыз ете алады. Бірақ кемшілігі де жоқ емес.

Starlink жүйесін 5-6 жыл сайын ауыстырмаса, тозады. Спутниктік желі шекара маңындағы ауылдарға орнатылмайды. Министрлік ондағы мәселені шешуге мүдделі болғанымен, компания саясатына сәйкес Starlink Ресей мен Қытай территориясын қамти алмайды. Дегенмен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі көрші мемлекеттермен келіссөз жүргізуде.

ЖАРЫН

Меншік иесі:

СЫРМЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г күзлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №1029

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН